

Айхан ШӘРІП

Сенат

БАУЫРЛАСТЫҚ ДЕГЕН – ОСЫ



Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанның Олий Мажлис Заң шығару палатасының төрағасы Нурдинжон Исмоиловпен кездесіп, келіссөз өткізді. Қ.Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстан басшыларының күш-жігерінің арқасында екі ел арасындағы қатынастар соңғы жылдары жаңа қарқынға ие болғанын атап өтті.

«Елдеріміздің белсенді ынтымақтастығы және бүкіл Орталық Азияның табысты экономикалық дамуы, тұрақтылығы мен қауіпсіздігі Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық аренадағы өзара іс-қимылына байланысты», — деді Жоғарғы палата төрағасы.

Жүздесушілер Президент Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті

қыры» мақаласына қатысты пікір алмасты. Қасым-Жомарт Кемелұлының байламынша, Елбасы өзінің мақаласында өткеннің мұрасын шығармашылық тұрғыда зерделеп, халқымыздың жаһандық өркеніне қосқан үлесін лайықты бағалауды ұсынады.

«Еліміздің дамуының келешегін жана қырынан бағалау үшін біз, ең алдымен, өз

тарихымызды мақтан тұтуға тиіспіз», — деді К.Тоқаев. Сенат басшысының айтуынша, Президент бастаған ірі жобалар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының заңды жалғасы болғалы отыр.

К.Тоқаев, сондай-ақ Өзбекстанмен парламентаралық ынтымақтастықты және өзбек әріптестермен халықаралық ұйымдар аясында байланыстарды нығайту қажеттігін атады.


Кездесуге қатысушылар екі елдің заң шығару органдарының сауда-экономикалық, көлік-транзит және гуманитарлық байланыстарды кеңейтуді ынталандыруға әзір екенін нақтылады. Қасым-Жомарт Тоқаев 15 қарашада Шымкентте өткен алғашқы Аймақаралық форумның қорытындысын жоғары бағалап, іскерлік қауымдардың осындай кездесулерін жалғастырудың маңызды екенін баса айтты.

Сенат төрағасының пікірінше, мұндай сипаттағы кездесулер шекара маңындағы байланыстарға салмақты серпін беріп, есікақты саудаға елеулі түрде қарқын қоса алады. Екі ел басшылары белгіленген міндетке сәйкес, 2020 жылға қарай Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда көлемі 5 миллиард долларға дейін жетуге тиіс. Қ.Тоқаев мұндай жоғары көрсеткішке қол жеткізу үшін екі ел үкіметтері мен парламенттерінің ауқымды күш-жігері қажет екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Н.Исмоилов өзбек тарапы елдеріміз арасындағы достық қатынас пен ынтымақтастықты нығайтуға бар күшін салауға әзір екенін жеткізді.

Елдос СЕНБАЙ

БАСТАМАҒА БЕРІЛГЕН БАСЫМДЫҚ



Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин Италия депутаттар палатасының вице-спикері Этторе Розатомен кездесу өткізді. Италиялық парламентші «Тұңғыш Президент күніне» орайластырып, Мәжіліс ұйымдастырған «Астана – жаһандық интеграция, бейбітшілік және қауіпсіздік орталығы» халықаралық парламенттік конференциясына қатысу үшін біздің елімізге арнайы сапар жасады.

Өз сөзінде Н.Нығматулин Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ауқымды бастамаларына баса мән берді. Оның байламынша, бұл бастамалар елімізге қазіргі заманғы өлеңдегі барынша қарқынды дамушы экономи-

калардың қатарына кіруге, жаһандық саяси шешімдер қабылданатын орынға айналуға, қауіпсіздік пен бейбітшілік орталығы болуға мүмкіндік берді.

Қазақстандық-италиялық қарым-қатынастарды тілге тиек еткен Мәжіліс

спикері дипломатия орнаған 25 жыл ішінде саяси диалог жолға экономикалық байланыстарды назар аударды. Ол, жүйелі Қазақстан мен Италия арасындағы Стратегиялық серіктестік оң жыл толғанын еске алады. Өз кезегінде Этторе біздің мемлекетіміздің дамуына үлкен мән берген Мәртебелі мейман Тұңғыш Президент бастың антиядролысында Қазақстан мем-ға бейбітшілік пен таратуға әрқашан ма- болады.

Тараптар қазақстандық парламенттің ішкі әрекеттестікті нығайтып отырған Еуропа парламенттері спикерінің аясында мемлекеттер үшін қол бойынша пікір алма- тоқталды. Ол парла- Елбасы Н.Назарбаев идеясының жария- толуына орайласты- жеткізді. Бұл мерейі- өтімек.

Ерік ЕРДЕНОВ

АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ АШЫЛДЫ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында VIII Азаматтық форум өз жұмысын бастады. Құрылтайға «Азаматтық қоғам және мемлекет: Диалог. Әріптестік. Сенім» тақырыбы арқау болды.

Бұл іс-шараның мақсаты — азаматтық сектордың, мемлекеттік органдардың, бизнес-құрылымдардың, халықаралық ұйымдардың және сарапшылар қауымдастығының ашық диалогын дамыту.

Форум қатысушыларына қайырылған Президент Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева азаматтық қоғамның құндылықтарына тоқталды.

«Біздің барлығымыздың құндылығымыз ортақ, бұл — тұрақтылық, бейбітшілік, мемлекетіміздің тыныштығы және азаматтарымыздың әл-ауқаты. Бұл басты құндылықтар бізді біріктіреді. Әрбіріміздің жұмыс

бөлігімізде ел тәуелсіздігін нығайту, қазақстандықтардың жайлы өмірін жақсарту тусу үшін қолдан келгенін барлығын жасауымыз керек. Біздің мақсатымыз бен мұратымыз да бір, бұл — қуатты Қазақстанды тұрғызу», — деді ол.

Аида Балаева жігерлі қоғам белсенділеріне, пәрменді үкіметтік емес ұйымдарға еліміздің өткір әлеуметтік проблемаларын шешуде мемлекетке жан-жақты қолдау көрсетіп, ізгі жұмыс істеп келе жатқандары үшін алғыс білдірді.

«Бәлкім, азаматтық сектор идеяларының барлығы бірдей іске жарампаған, жүзеге асырылмаған шығар. Бірақ бүгінгі форум бірлескен жұмысымызға қуатты серпін береді деп үміттенемін» — деген ол форум осы жұмысты жетілдіруге жол ашарына сенім білдірді.

Ашылу салтанатында қоғамдық даму министрі Дархан Қалетаев сөз сөйледі.

— Азаматтық форум екі жылда бір рет өткізіледі, бірақ бұл форумға 2005 жылдан бері Мемлекет басшысы қатыспаған болатын. Бұл жолы Президент қатысуға ниет білдіріп отыр: ертен біз Елбасымен сұхбат-сауда мүмкіндік аламыз. Форум бүгінде үлкен принципті мән-маңызы ие болды — біз алдағы уақытта азаматтық сектордың калай дамитынын талқыға саламыз», — деді министр.

Ол ел Үкіметі азаматтық қоғамның дамуына үлкен мән беріп отырғанын атап өтті.

«Үкімет бұл бағытта үлкен жұмыс жүргізуде. Біз үшін азаматтық қоғамнан келіп тұсетін ұсыныстар өте маңызды. Менің ойымша, форум аясындағы екі күн тек елдің азаматтық қоғамын біріктіріп қоймай, сонымен бірге қатысушыларға біздің бәріміз бірлесіп іске асыруға тиіс ұсыныстарды түзуде де мүмкіндік бермек.

Жиын

Бұл, сайып келгенде, барша еліміз, сондай-ақ халқымыз күтіп отырған реформаларға бастайды», — деді Д.Қалетаев.

VIII Азаматтық форум аясында семинарлар, шеберлік сабақтары, дөңгелек үстелдер, пікірталас аландары, мүдделі ведомстволар басшыларымен салалық кездесулер түріндегі 35 тақырыптық сессиялар жоспарланған. Форумда «Адамдар» (People), «Планета» (Planet), «Өркендеу» (Prosperity), «Әлем» (Peace), «Серіктестік» (Partnership) атауымен 5 панельдік сессия өтеді, аталған сессиялар БУҰ-ның тұрақты даму мақсаттарының құрамына кіретін тиісті мақсатты топтарды қамтиды.

Сонымен қатар форум аясында 2020-2025 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы талқыланатыны мәлім болды.

Жиын бүгін де жалғасын тауып, күн тәртібіне сәйкес, негізгі пленарлық отырысқа ұласпақ.


Форум үкіметтік емес ұйымдарды марапаттау рәсімімен аяқталады.

Өңір

Айдана БЕГІМ

ШЫМКЕНТТЕ ДЕ HIGHVILL ҮЙЛЕР БО...

Шымкенттегі Shymkent City жобасына Highvill компаниясы Алдағы уақытта үшінші мегаполисте корей компаниясының «ам көтереді. Бұл жөнінде Астанадағы Орталық коммуникациялар қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов хабарлады.



Shymkent City жобасы аясында 400 гектар аумақта 50 мың тұрғынға арналған соңғы үлгідегі үйлер мен демалыс орындары, саябақ, ойын-сауық және сауда орталықтары салынады.

«Кореяның Highvill компаниясы мен отандық VI group, Базис-А компаниялары көпқабатты тұрғын үйлер, әлеуметтік және коммерциялық нысандар салуға қызығушылық танытып, Шымкентте кенесеріні ашып жатыр. Highvill компаниясымен Shymkent City жобасына 130 млрд теңге салу жөніндегі меморандумға қол қойды. Компания келер жылы құрылыс жұмыстарын бастайды. Компания 60 гектарға тұрғын үй салуды жоспарлап отыр, арнайы саябақ та салады», — деді қала басшысы.

«Нұрлы жол» бағдарламасы шен-берінде 14,4 млрд теңгеге 17 жоба жүзеге асырылғанын айтқан қала басшысы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасын» орындау үшін «7 – 20 – 25» бағдарламасына 1 млрд теңгеге 99 өтімін қабылданып, 51-і мақұлданып жеткізді.

«Білім беру және денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне жергілікті бюджет есебінен пәтер бағасының алғашқы жарнасының 10 пайызына қайтарымды негізде көмек беру мезханизмі әзірленіп, Инвестиция және даму министрлігіне келісім алуға жолданды», — деді.

Оның айтуынша, Шымкентте үшінші Автоматтандырылған газ бөлу станциясы салынады. Қазіргі уақытта қала

халқының 91,6 пайызы қамтылған. 2019-2020 Автоматтандырылған газ салынып, іскерлік толық орындалады. халық орталықта сумен қамту – 93 пайыз. Ендігі міндет – бұл орынды.

Ғабидолла Әбдірахымов «Нұрлы жол» жобасы аясында кәсіпорны демеуші инклюзивті білім беру 320 орынды балабақша берілгенін айтты. «Нұрлы жол» жобасы тарихи-мәдени ескерткіш республикалық, өскер жерлер тізіміне енгізілді.

«Денсаулық сақтау бойынша шетелдегі сәйкес үйлердің отбасылық амбулаторияларды аша бастадық деген қызуы немесе жерінде тұрғындар түсіп, өзіне керек ағым көмекті алады», — деді. Ал қаланың даму жүйесін жақсарту үшін көпсалалы аурухана жобасына жұмсау жұмысы жетіледі.

Халима БҰҚАРҚЫЗЫ

ӘУЕЖАЙДЫҢ ӘУРЕСІ БІТЕ МЕ?

Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгінов биылғы жұмысын баяндау үшін Астанаға арнайы келді. «Нұр Отан» партиясы БҚО филиалының төрағасы бөліскен деректерге сүйенсек, БҚО-ның ішкі жалпы өнімі 1,2 трлн теңгені құрап, 0,6 процентке өскен. Өңдеу өнеркәсібіндегі экспорт жыл басынан бергі 8 айда 26 пайызға артқан. Бастысы, облыс 2,5 млн тонна ет пен ет өнімдерін экспорттап, қой етін сыртқа сату жоспарын 3 есе арттығымен орындап отыр.



торлардан 13,5 млрд теңге қаржы тартылған. 17 үй қайта салынып жатыр. Бұл үйдің пәтері бірінші кезекте бұрынғы тұрғындарына тегін бөлінеді де, қалғандары 7 – 20 – 25 бағдарламасы аясында беріледі. Бұған қоса, көпқабатты 5 үйдің екеуінің құрылысы аяқталып, жақында пайдаланылмақ. «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» аясында 1800 студентке арналған 5 жатақхана салынып жатыр.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жыл сайын 500 шақырым жол жөнделеді. Биыл 450 шақырым жол салу үшін 32 млрд теңге бөлінген. Ал республикалық маңызы бар 285 шақырым жол жөнделген.

БҚО-да биыл 44 елдімекендегі 16 мың халықты көгілдір отынмен қамту мақсатында 1,6 млрд теңге бөлінген. Бүгінгі таңда Ақжайық, Бөкей ордасы, Зеленов, Жәнібек аудандары аумағындағы 24 елдімекенге (9 мыңнан астам адам) газ тарту аяқталды. Қалған 20 ауылға газ тарту келер жылы аяқталады. Сонда көгілдір отынмен қамту 95 пайызға жетеді.

«Халықты таза ауызсумен қамту үшін жалпы ұзындығы 1000 шақырымды құрайтын құбырды тартып жаңғыртуға

4,5 млрд теңге бөлінген. 56 мың тұрғыны бар 50 елдімекенді ауызсумен қамту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол елдімекендердің 17-сі таза ауыз суға қол жеткізген, жыл соңына дейін 23 ауыл таза суға қосылады. Нәтижесінде, халықты таза ауызсумен қамту деңгейі 45,4 пайызға құрайды. Таза ауызсу шалғайда орналасқан Жәнібек пен Бөкейорда аудандарына да келді. Сонымен қатар Жаңақала ауданында құны 2,5 млрд теңгені құрайтын топтық су құбырын салу нәтижесінде 8 ауыл таза суға қол жеткізді. Алдағы екі жылда өңірдегі 50 елдімекенге су құбырын тарту арқылы 2020 жылы облыстағы таза сумен қамту деңгейін 50 пайыздан асыру көзделіп отыр», — деді А.Көлгінов.

Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында облыстық ауруханаға 550 миллион теңге тұрақты магнитті-резонансты томограф, Шыңғырлау ауданы Лубен ауылына жобалық құны 117 млн теңгені құрайтын амбулатория салынды. Енді Орал қаласында заманауи құрал-жабдықпен қамтылған кардиоорталыққа жана корпус алу жоспарда тұр.

Бұрындары балабақшаларға орын жетіспеу мәселесі өткір болып келді. Мемлекет

кет пен жеке кәсіпкерлер белсенділігі нәтижесінде балабақшалар саны 500-ге жетті, оның 52-сі — жеке балабақшалар.

Жер қатынастары саласында жер ресурстарының бірыңғай порталы ашылып, «Жер учаскесін таңдау актісін бекіту» қызметі автоматтандырылды. Бұрын азаматтар таңдау актісін алу үшін 3 ай күтсе, қазір бұл қызмет 5-12 күн аралығында көрсетіледі. Облыс орталығының және аудандардың ауруханаларын интернетпен 100 пайыз қамту үшін министрлік қолдауымен келер жылы 60, 2020 жылы 33 елдімекен сапалы интернетпен қамтылмақ.

Биыл БҚО-да 5 білім беру нысаны пайдалануға берілді. Оның үшеуі — мектеп, біреуі — балабақша, енді бірі — интернат. 5 апатты мектеп пен үш ауысымдағы 5 мектеп мәселесі де шешілетін күн таяу екен.

«Орал қаласының жанынан табылған ортағасырлық Жайық қалашығы «Касиетті орындар» тізіміне енгізілді. Орта ғасырдың өзінде биік қорғандар, металл бұйымдарын жасаған ұстаханалар, моншаның орны анықталып отыр. Болашақта біз бұл орындарды ашық аспан музейі жасап, туристерді тартуды жоспарладық», — деді өңір басшысы. Оның айтуынша, Орал қаласында жеке кәсіпкердің 300 млн теңгесіне «Саят» этно-туристік орталығы ашылып, ал спорттың дамуы жолға қойылыпты.

БҚО басшысына БАҚ өкілдері жиі қоятын бір сұрақ Орал әуежайына қатысты болатын. Бұдан кейін бұл сұрақ қойылмайтын шығар, себебі Орал әуежайында құрылыс жұмыстары басталмақ. Жол-аушылар терминалы 5000 шаршы метрге дейін кеңейіп, жолаушы өткізу қабілеті сағатына 400 адамға көбеймек.

Орал әуежайы елдегі ең ескі әуежайлар санатынан.

«Орал» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен «Орал» халықаралық әуежайы бірлесіп, әуежайды қайта жаңғыртуға қолға алды. Жыл соңына дейін EdlikCo ЖШС жобалық ұйымы жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеуі тиіс. Келесі жылдан құрылыс басталады», — деді Алтай Көлгінов.